
Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығы
20 қараша 2009 жыл

Астанадағы ЕҚЫҰ орталығы Қазақстан Республикасындағы Аралды Құтқару Халықаралық Қорымен ынтымақтаса бастайды.

АЛМАТЫ, 20 қараша 2009 ж. – Астанадағы ЕҚЫҰ орталығы Аралды Құтқару Халықаралық Қорының (АҚХҚ) Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясымен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойып, АҚХҚ-мен ресми ынтымақтастығын бастады.

Дирекция АҚХҚ-ның ұлттық өкілдігі болып табылып, Қазақстанда Арал теңізінің бассейні бойынша жобаларды орындау саласында жұмыс істейді. АҚХҚ – бұл Арал теңізі аймағының тұрақты даму мен су қауіпсіздігі идеяларын орындайтын халықаралық ұйым. Бұл ұйымның құрамына Орта Азияның бес республикасы кіреді. Су ресурстарын басқару мәселелерін қоса алғанда, қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері ЕҚЫҰ-ның қауіпсіздік пен тұрақтылықты дамыту ісіндегі жұмысы үшін негізгі болып табылады.

Меморандумға қол қою кезінде Астанадағы ЕҚЫҰ орталығының басшысы, елші Александр Кельчевский: «АҚХҚ-ның Атқарушы органымен арадағы Қазақстандағы ынтымақтастық қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша, әсіресе, тұрақтылықты арттыру ісінде ЕҚЫҰ бұған қандай маңызды орын беретінін ескерсек, одан әрі бірігіп жұмыс атқару үшін жемісті негіз болмақ» деп мәлімдеді.

АҚХҚ-ның Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясының басшысы Медет Оспанов: «Бұл меморандум су ресурстарын бірігіп басқаруға, бассейн аумағындағы қоршаған ортаны қалпына келтіруге және Арал теңізі бассейні бойынша бағдарлама дайындау саласындағы бірлескен ынтымақтастыққа жаңа жол ашады» деп қосты.

Меморандум аясында екі тарап та 2011-2015 жж. арналған Арал теңізі Бассейні елдеріне көмек көрсету бойынша үшінші Бағдарламаны орындау кезінде АҚХҚ-ның Қазақстан Республикасындағы Атқарушы дирекциясының әлеуетін нығайту мен кеңейту бойынша көзделген шараларды қабылдауға келісті. Бағдарлама Арал теңізі елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған.